



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде
«Менің қызығушылықтар әлемім» республикалық интернет-байқауын
қашықтықтан өткізу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Менің қызығушылықтар әлемім» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережесі оны өткізудің мақсаты, міндеттері және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: балалар шығармашылығын дамыту және қолдау.

Міндеттері:

білім алушылардың шығармашылыққа деген қызығушылықтарын дамыту;

білім алушылар мен педагогтердің шығармашылық белсенділікке ынталандыру;

жарқын, ерекше шеберлерді анықтау, олардың шығармашылықтарын дамыту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2017 жылғы 25 тамыздан 31 қазанға дейін** **nt_ekotur@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

2016 жылғы 31 қазаннан кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломы, қатысушылардың сертификаттары **2017 жылғы 14 қарашада** **www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

6. Ұйымдастырушының байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқығы бар. Ұйымдастырушының шешімі бойынша байқауды өткізу мерзімін ұзарту туралы ақпаратты міндетті түрде әлеуетті қатысушыларға хабардар ете отырып, байқаудың өткізу, өзгерту туралы және қорытындыны орналастыру мерзімдері мына сілтемеде көрсетіледі: www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Менің қызығушылықтар әлемім» байқауы → әрі қарай.

7. Байқауға келіп түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

8. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «БанкЦентрКредит»

Төлемақының мақсаты: «Менің қызығушылықтар әлемім» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөні, тегі міндетті түрде көрсету қажет.

9. Байқауға қатысу үшін міндетті түрде келесі құжаттарды:

1) кестеге сәйкес өтінімді;

2) сканерден өткізілген түбіртек немесе төлем тапсырмасын;

3) электронды түрде байқау жұмысын **nt_ekotur@mail.ru** электронды поштасына жіберу қажет.

3. Байқау талаптары

10. Байқауға жалпы орта, қосымша, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының 7-18 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

7-10 жастағы кіші жас санаты;

11-14 жастағы орта жас санаты;

15-18 жастағы жоғарғы жас санаты.

11. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

«Карвинг» номинациясы - жасалған бұйымның суреттері немесе бейнематериал.

Жұмыстың тақырыбы және қысқаша сипаттамасы (сипаттамада орындау техникасын, қолданылған материалдарды көрсету керек) болуы тиіс.

Байқауға ұсынылған жұмыстар:

1) суретке түсіріліп, JPEG форматында электронды түрде ұсынылуы керек. Суреттер кезеңмен орындалған жұмысты бейнелеуі керек. Суреттің көлемі 4 данадан кем емес болуы тиіс;

2) бейнеоматериал: AVI, MPEG форматында дыбысы мен суреті сапалы болуы керек. Файлдардың мөлшері 15Mb-қа дейін, ұзақтылығы 3 минуттан артық емес. Бейнеоматериалда автордың аты мен шығарманың тақырыбы көрсетіледі.

«Менің әлемім» номинациясы - слайд-презентация. Слайд саны 10-дан аспауы керек. Әрбір слайд тақырып, сурет (фото, сурет, сызба және т.б.) және мәтіннен тұруы тиіс.

12. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:
байқаудың тақырыбына сәйкестігі;
жұмысты орындау техникасы;
таңдалған тақырыптың толық ашылуы;
ресімдеу сапасы;
тақырыптың ашылуының өзектілігі мен тереңділігі;
ұсынылған материал мазмұнының байқаудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі.

13. Байқауда бір қатысушы бір номинация немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға әр қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады. Әр номинация бойынша әр жеке жұмыс үшін төлемақы қабылданады.

14. Байқау жұмысының титул парағында көрсетіледі:

облыс, аудан (қала), ауыл;
білім беру ұйымының аталуы;
байқау, номинация, жұмыс аталуы;
автордың аты-жөні;
қатысушының жасы;
e-mail, байланыс мәліметтері;
жетекшінің аты-жөні, тегі;
жетекшінің лауазымы және жұмыс орны.

15. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

16. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

17. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172)249308** («Менің қызығушылықтар әлемім» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Менің қызығушылықтар әлемім» байқауы → жалғасы.

Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында, «Жас саяхатшы» қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) тіркелуі тиіс. (Мына сілтеме бойынша <https://vk.com/puteshestvennikz>).

Қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет байқауына қатысу туралы өтінімі

Қатысушының аты-жөні, тегі	Жасы	Облыс, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының атауы, сыныбы, курсы	Байқаудың, номинацияның, жұмыстың атауы	Байланыс мәліметі (ұялы телефон, эл. адресі)	Жетекшінің аты-жөні, тегі (толық), егер бар болса, жұмыс орны мен қызметі	Жетекшінің байланыс мәліметі (ұялы телефоны, эл. адресі)
1	2	3	4	5	6	7

